

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитетінің "Қазаэрожоба" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы еншілес мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 ақпандағы № 195 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Қазаэрожоба» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы еншілес мемлекеттік кәсіпорны қайта құру жолымен Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып (бұдан әрі - кәсіпорын) қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті кәсіпорынның мемлекеттік басқару органы болып айқындалсын.

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні азаматтық авиация саласындағы сертификаттық тексеруге алдын ала қорытынды дайындау мен беру және кәсіпорынның негізгі қызметімен байланысты технологиялық қызметтерді ұсыну б о л ы п а й қ ы н д а л с ы н .

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне кәсіпорынның жарғысын бекітуге енгізілсін;
- 2) кәсіпорынның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;
- 3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар е н г і з і л с і н :

- 1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;
- 2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен;
- 3) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796; 19.09.2014 № 995; 28.08.2015 № 683 қаулыларымен.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ